

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының студенттері арасында
базалық жоғары оқу орындарында XVIII Республикалық студенттік пәндік
олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

Алматы, 2026

6B05202 – «Экология» білім беру бағдарламасы бойынша XVIII Республикалық студенттік пәндік олимпиаданы өткізу туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының студенттері арасында Республикалық пәндік олимпиаданы (бұдан әрі – республикалық олимпиада) ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұсынымдары негізінде әзірленді.

Олимпиада болашақ мамандардың ерекше кәсіби қабілеттерін анықтау және дамыту мақсатында Республикалық студенттік олимпиадалар аясында өткізіледі, сондай-ақ талантты студент жастарды қолдау және республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысу үшін команда қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылады.

Олимпиаданың негізгі мақсаттары:

- студенттердің экология саласындағы кәсіби даярлық деңгейін арттыру;
- білім алушылардың ғылыми-зерттеу әлеуетін және экологиялық ойлауын дамыту;
- талантты студент жастарды анықтау және қолдау;
- білім алушылардың зияткерлік капиталын қалыптастыру;
- тұрақты даму контекстінде өзекті экологиялық мәселелерді шешуге студенттердің қатысуын ынталандыру.

Олимпиаданы өткізудің міндеттері:

- студенттердің экология саласындағы теориялық білім деңгейін және кәсіби даярлығын бағалау;
- ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту;
- экологиялық ойлауды және экологиялық процестерді талдау қабілетін қалыптастыру;
- практикалық экологиялық міндеттерді шешу дағдыларын дамыту;
- тұрақты даму саласындағы ғылыми және кәсіби қызметке қызығушылықты ынталандыру;
- ғылыми жобаларды ұсыну және қорғау дағдыларын дамыту.

II. Республикалық олимпиаданы өткізу тәртібі

Республикалық олимпиада 2 кезеңде өткізіледі:

1. бірінші кезең — жоғары оқу орны ішіндегі;
2. екінші кезең — базалық жоғары оқу орындарында.

Олимпиаданың бірінші кезеңіне жоғары оқу орындарының студенттері жоғары білім берудің басым бағыттары мен мамандықтары бойынша қатыса алады.

Жоғары оқу орнының ректоры (проректоры) олимпиаданың тиісті бөлімдері бойынша жетекші ғылыми ұйымдардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін тарта отырып, конкурстық комиссияны ұйымдастырады.

Олимпиаданың I кезеңінің (ЖОО ішіндегі) қорытындысы бойынша, ректордың бұйрығымен бекітілетін ЖОО-ның конкурстық комиссиясы Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін үздік студенттерді конкурстық негізде іріктейді және базалық жоғары оқу орындарына жібереді.

Студенттерді Республикалық олимпиаданың II кезеңіне ұсыну кезінде жоғары оқу орны базалық ЖОО-ға келесі құжаттарды жолдайды: олимпиаданың бірінші кезеңінің қорытындылары туралы ректордың (проректордың) қолы қойылған хат немесе ЖОО Ғылыми кеңесінің хаттамамен рәсімделген шешімі.

Олимпиаданың базалық жоғары оқу орнында өткізілу мерзімі – сәуір айы.

Республикалық олимпиаданың барлық қатысушылары тапсырмаларды шифрды пайдалана отырып орындайды.

Олимпиада өткізу барысында қазылар алқасы қатысушылардың тапсырмаларды орындауын қадағалап, барлығына тең жағдайдың қамтамасыз етілуін бақылайды.

Республикалық олимпиаданың ІІ кезеңі үш турдан тұрады. Бірінші турда командалар таныстыру мақсатында шығармашылық бейнеролик ұсынады. Ұзақтығы – 5–7 минут. Ең жоғары балл – 10.

Екінші турда барлық қатысушыларға «Геоэкология», «Экологиялық мониторинг», «Өнеркәсіптік экология» және «Экологиялық нормалау және сараптама» пәндері бойынша тест түрінде жеке тапсырма беріледі. Тест тапсырмалары бір дұрыс жауабы бар, бірнеше дұрыс жауабы бар және контекстік сұрақтардан тұрады. Ең жоғары балл – 50.

Үшінші турда қатысушылар ғылыми жобаларын презентация түрінде қорғайды. Жобаның толық мәтіні қазылар алқасына баспа (электрондық) түрде ұсынылады және белгіленген талаптарға (Қосымша І) сәйкес рәсімделуі тиіс.

Ғылыми жобаны қорғау «Тұрақты даму жағдайында қалалық жүйелерді трансформациялау: АІ және жаһандық сын-қатерлерге бейімделу стратегиялары» тақырыбына сай болуы керек. Негізгі бағыттар (тақырыпшалар):

- Климаттық өзгерістер және қалалардың бейімделу стратегиялары
- Болашақ қалалары: сценарийлер және форсайт-зерттеулер
- Урбанистикалық дизайн және кеністіктік жоспарлау
- Қалалардың тұрақты дамуы және АІ-дың қалалық басқарудағы рөлі

Жобаны орындау және қорғау үшін ең жоғары балл – 40.

Қорытынды бағалау үш турдың нәтижелері бойынша 100 балдық жүйе негізінде қалыптастырылады.

ІІІ. Олимпиаданың қазылар алқасы және апелляциялық комиссия

Қазылар алқасының құрамы олимпиаданы ұйымдастырушы ЖОО-ның білікті және тәжірибелі оқытушыларынан құралады. Қазылар алқасы олимпиада нәтижелері бойынша түпкілікті шешім қабылдайды.

Апелляцияға олимпиада аяқталғаннан кейін бір сағат ішінде жазбаша түрде өтініш беруге болады.

Негізгі тур кезінде ұйымдастырушы ЖОО өкілдерінен жұмыс тобы құрылады. Бұл топтың функцияларына олимпиада ережелерінің сақталуын бақылау, қатысушылардың сұрақтарына жауап беру және ағымдағы ұйымдастырушылық мәселелерді шешу жатады. Қазылар алқасының шешімімен жұмыс тобының құрамына команда жетекшілері де тартылуы мүмкін.

ІV. Республикалық олимпиаданың қорытындысын шығару тәртібі

Базалық ЖОО-ның конкурстық комиссиясы жеңімпаздарды марапаттауға келесі тәртіппен ұсынады:

1-орын үшін — Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің І дәрежелі дипломы бір студенттен (командадан) артық емес;

2-орын үшін — Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ІІ дәрежелі дипломдары екі студенттен (командадан) артық емес;

3-орын үшін — Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ІІІ дәрежелі дипломдары үш студенттен (командадан) артық емес.

Олимпиаданың ІІ кезеңінің жеңімпаздарын айқындау жөніндегі республикалық комиссияның шешімі оның барлық мүшелері қолы қойылған тиісті хаттамамен (әр мамандық бойынша бөлек) рәсімделеді.

Аталған мамандық бойынша келесі Республикалық олимпиада студенті бірінші орын иеленген ЖОО базасында өткізіледі.

V. Республикалық олимпиада жеңімпаздарын марапаттау тәртібі

Республикалық олимпиаданың 1, 2 және 3-орындарын иеленген жеңімпаздар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

VI. Олимпиаданы қаржыландыру

Олимпиада қатысушылары мен команда жетекшілерінің іссапар шығыстарын жіберуші ЖОО төлейді.

Олимпиаданы ұйымдастырушы жеке және командалық есептегі жеңімпаздарды марапаттауды ұйымдастырушы ЖОО-ның қаражаты, сондай-ақ олимпиаданың ұйымдастыру комитеті тартқан демеушілер есебінен қамтамасыз етеді.

VII. Олимпиадаға қатысуға өтінім

Олимпиадаға қатысуға ниет білдірген командалар олимпиаданың ұйымдастыру комитетіне өтінім жіберуі керек (Қосымша 2).

Команданың олимпиадаға қатысу өтінімінде келесі мәліметтер болуы керек:

- ЖОО-ның толық атауы (қысқартусыз), ресми мекенжайы, телефоны, факсы;
 - Оқытушының (команда жетекшісінің) тегі, аты, әкесінің аты, байланыс телефоны;
 - Студенттердің тегі, аты, әкесінің аты, факультеті, білім беру бағдарламасы, курсы және байланыс телефондары;
 - Тапсырманы орындау тілі.
- Әрбір қатысушының өзімен бірге жеке куәлігі болуы тиіс.

VIII. Турлар бойынша бағалау критерийлері

I тур. Команданы таныстыру

Максималды баға – 10 балл

Команданың шығармашылық таныстырылымын (бейнеролигін) бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

1. Тур мазмұнына және олимпиада тақырыбына сәйкестігі – 2 балл. Экологиялық бағыттың, олимпиада мақсаттарының, команданың академиялық және кәсіби бейінінің көрініс табуы бағаланады.
2. Таныстырылымның мазмұндылығы мен ақпараттылығы – 2 балл. Команданың жоғары оқу орнының, білім беру бағдарламасының, қатысушылардың қызығушылықтары мен жетістіктерінің толық таныстырылуы бағаланады.
3. Бірегейлік (оригиналдылық) және шығармашылық – 2 балл. Идеяның ерекшелігі, материалды ұсынудағы креативтілік, сценарийдің мәнерлілігі бағаланады.
4. Визуалды және техникалық орындалу сапасы – 2 балл. Бейнероликтің, дыбыстың, монтаждың сапасы, безендірілуі және материалдың жалпы эстетикасы бағаланады.
5. Командалық бірлік және сөйлеу мәдениеті – 2 балл. Қатысушылардың үйлесімділігі, команда бейнесінің тұтастығы, өзін-өзі таныстыру мәдениеті бағаланады.

II тур. Тестілеу

Максималды баға — 50 балл

Тестілеу келесі пәндер бойынша өткізіледі: «Геоэкология», «Экологиялық мониторинг», «Өнеркәсіптік экология», «Экологиялық нормалау және сараптама».

Бағалау тәртібі:

Тестілік тапсырмалар сұрақтардың үш түрін қамтиды:

1. Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар:
 - дұрыс жауап үшін – 1 балл;
 - қате жауап немесе жауаптың болмауы үшін – 0 балл.

2. Бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар:

- барлық дұрыс жауапты таңдаған жағдайда – 3 балл;
- бір дұрыс жауапты таңдаған жағдайда – 1,5 балл;
- қате нұсқаларды таңдаған жағдайда немесе жауаптың болмауы – 0 балл.

3. Контекстік тапсырмалар (жағдаяттық, талдамалық):

- тапсырманы дұрыс орындағаны үшін – 5 балл;
- қате жауап немесе жауаптың болмауы үшін – 0 балл.

III тур. Ғылыми жобаны қорғау

Максималды баға — 40 балл

Олимпиада тақырыбы бойынша ғылыми жобаны бағалау келесі критерийлер негізінде жүзеге асырылады:

1. Жоба тақырыбының өзектілігі – 5 балл. Тандалған мәселенің маңыздылығы, оның қазіргі заманғы экологиялық сын-қатерлермен және тұрақты дамумен байланысы бағаланады.

2. Ғылыми негіздемесі және тақырыптың ашылу тереңдігі – 10 балл. Ғылыми ұғымдардың дұрыс қолданылуы, зерттеу логикасы, талдау сапасы және тұжырымдардың дәйектілігі бағаланады.

3. Нәтижелердің практикалық маңыздылығы мен қолданылуы – 8 балл. Ұсынылған шешімдерді, ұсынымдарды немесе модельдерді іс жүзінде қолдану мүмкіндігі бағаланады.

4. Идеяның бірегейлігі және орындаудың дербестігі – 5 балл. Тәсілдің жаңалығы, талдаудың дербестігі және команданың авторлық үлесі бағаланады.

5. Жоба презентациясының сапасы – 5 балл. Сөйленетін сөздің құрылымы, баяндаудың қисындылығы, слайдтардың сапасы және материалдардың көрнекілігі бағаланады.

6. Жобаны қорғау деңгейі және қазылар алқасының сұрақтарына жауаптар – 7 балл. Материалды менгеру деңгейі, сөйлеген сөздің сенімділігі, жауаптардың дәлдігі мен толықтығы бағаланады.

IX. Ұпайлары тең болған жағдайда жеңімпаздарды анықтау тәртібі

Олимпиаданың барлық турларының қорытындысы бойынша екі немесе одан да көп команда бірдей жалпы балл жинаған жағдайда, жеңімпаз келесі басымдық критерийлері бойынша (маңыздылығының төмендеу ретімен) анықталады:

1. III турда (ғылыми жобаны қорғау) жинаған ең жоғары балл бойынша. *Негіздеме: бұл тур қатысушылардың ғылыми ойлау деңгейін, зерттеу дағдыларын және практикалық дайындығын көрсетеді.*

2. III тур бойынша балдар тең болған жағдайда — II турдың (тестілеу) нәтижелері бойынша. *Теориялық дайындықтың неғұрлым жоғары деңгейін көрсеткен командаға артықшылық беріледі.*

3. II және III турлар бойынша балдар тең болған жағдайда — I турдың (команданы таныстыру) нәтижелері бойынша.

4. Барлық көрсеткіштер толық тең болған жағдайда, шешім қазылар алқасының ашық дауыс беруімен қабылданады.

Бұл ретте мыналар ескеріледі:

- ғылыми жобаның тереңдігі мен бірегейлігі;
- ұсынылған шешімдердің практикалық маңыздылығы;
- қосымша сұрақтарға берілген жауаптардың сапасы.

Д. Аманжол

Ғылыми жобаларға қойылатын талаптар:

Ғылыми жоба өзекті болуы, ғылыми және практикалық маңыздылығы мен жаңалығы болуы, сондай-ақ жеке зерттеулерге негізделуі тиіс.

Рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- Қаріп (шрифт): Times New Roman, өлшемі — 14, жол аралық интервал: 1,5.
- Жұмыс көлемі: 15–30 бет.

Құрылымы:

- Титул парағы
- Кіріспе
- Зерттеу нысаны мен әдістері
- Нәтижелер және талқылаулар
- Қорытындылар
- Әдебиеттер тізімі
- Қосымшалар

ҚОСЫМША 2

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті базасында өтетін
«Экология» пәні бойынша Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары
студенттерінің XVIII Республикалық пәндік олимпиадасының II кезеңіне қатысуға**

ӨТІНІМ

(әр студент жеке толтыруы керек)

Студенттің толық аты - жөні	
Білім беру бағдарламасы және курсы	
Қатысу тілі	
Қатысушының байланыс телефоны мен электрондық поштасы	
ЖОО толық және қысқартылған атауы, мекен-жайы мен байланыс телефоны, e-mail	
Команда атауы	
Команда жетекшісінің толық аты-жөні, ғылыми дәрежесі мен лауазымы, байланыс телефоны және электрондық поштасы	

Ректор (проректор) _____
М.О.